

Таким образом, сочетая традиционные и новые методики преподавания казахского языка в русскоязычной школе, учитель имеет возможность привить детям любовь, уважение, знание государственного языка. Использование инновационных технологий на уроках казахского языка несомненно позволяет значительно повысить качество обучения по предмету.

Список литературы:

1. Концепция непрерывного педагогического образования педагога новой формации Республики Казахстан // Учитель Казахстана. (2009г, сентябрь)
2. Руководство для учителя второго уровня. Астана. 2016 г.

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ

Омаров Бактияр Шайманович
Бексултанова Раушан Каиржановна
Ермаганбетова Акбота Жаналыковна
Дарынды балаларға арналған БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ
лицей-интернаты

Аннотация

Бұл мақалада Қазақстандағы орта білімнің жаңартылған мазмұны тұрғысынан мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда мұғалімнің рөлі қарастырылады. Сонымен қатар, оқушылардың әлеуметтік-педагогикалық нәтижелеріне жету үшін педагогикалық білімдерді, дағдыларды, кәсіптік маңызды тұлғалық қасиеттерді интеграциялау сияқты қасиеттер қарастырылады. Сабақтарда қолданылатын белсенді оқыту әдістері функционалдық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді.

Аннотация

В статье говорится о роли педагога в развитии функциональной грамотности школьников в условиях обновленного содержания среднего образования РК. При этом акцент делается на профессиональную компетентность учителя в формировании функциональной грамотности учащихся как интеграцию педагогических знаний, умений, профессионально значимых личностных качеств на достижение социально-педагогических результатов учащихся. Активные методы обучения, применяемые на уроках, будут способствовать развитию функциональной грамотности.

Abstract

The article considers the role of the teacher in the development of functional literacy of students in the conditions of updated content of secondary education of RK. In this case, the focus is on the professional competence of the teacher in the formation of functional literacy of students as the integration of pedagogical knowledge, skills, and professionally significant personal qualities to achieve social and educational outcomes of students. Active learning methods used in the classroom, will contribute to the development of functional literacy.

Түйінді сөздер: мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы, орта білімнің жаңартылған оқу мазмұны, белсенді оқыту әдістері

Ключевые слова: функциональной грамотности школьников, обновленного содержания среднего образования, активные методы обучения

Keywords: functional literacy of schoolchildren, the updated content of secondary education of kazakhstan, methods of active learning

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Елбасы өзінің Қазақстан халқына Жолдауларында ел дамуындағы маңызды мәселелерге тоқтала отырып, білім берудің бәсекеге қабілетті болуына ерекше басымдық береді. Осы орайда даму үстіндегі қоғамда бүгінгі білім берудің мазмұнын жаңарту өте маңызды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру

аясында ЭЫДҰ елдерінің стандарттары негізінде адам капиталының сапасын көтеруге бағытталған білім беру саласындағы 5 қадам жоспарланған. Оның 3-уі жалпы орта білім беру жүйесіне қатысты. «12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізу, функциялық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту. Жоғары сыныптарда жанбасылық қаржыландыруды енгізу, табысты мектептерді ынталандыру жүйесін құру,-деп 76-қадамда айтылса,79-қадамда білім беру жүйесінде - жоғары сыныптар мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңімен көшу жоспарланған. «Нұрлы Болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру. Мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік ел» құндылықтарын енгізу» деп аталатын 89-қадамда айтылған болатын [1] Бұл оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерді енгізуді қажет етіп отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда.Фундаменталды білімнен функционалды білімге көшіп, жеке тұлғаның ынталылығы, шығармашылықпен ойлауы мен дәстүрлі емес шешім қабылдау қабілеттері, сыни ойлауы, кәсіби жол таңдаудағы білігі мен пайымы,ақылы мен парасатының, өмір бойы білім алуға даярлығы – оның басты функционалдық қасиеттері болып табылады.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында анықталған, басты мақсаттардың бірі – жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алуудағы қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады [2]. Қазіргі әлемде табысты тұлғаға айналу үшін, сауатты жаза алуы, сауатты оқи алуы ғана емес, функционалды сауатты болу қажет, яғни теориялық білімді шынайы өмір жағдайларында қолдана білу керек. Жаңартылған білім мазмұны да оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыруға бағытталған. Жаһандық өзгерістер мен әлемдік трендтер мектептегі білім беру мазмұнының жылдам қарқында жаңаруын талап етеді.

Лицейдің басым бағыттарына сай үш тілде білім беру үдерісі бүгінгі күні жүйелі жолға қойылған. 2017-2018 оқу жылының басты жаңалығы, биылғы жылдан бастап жаңартылған білім мазмұны негізінде жұмыс жасап келеміз. Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыруда оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары, пәндік олимпиадалар, тәжірибелік жұмыстар, PBL (Project based learning) жоба негізінде білім алу жұмыстарын ұйымдастыру әрқашан басты назарда.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жағдайында мұғалім білім алушының бойына алған білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі керек.Олар:

- басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті, сыни ойлауға бағыттау);
- ақпараттық (өз бетінше ақпарат көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отыруы, сол арқылы танымдық қабілетін ұштау, сабақта АКТ-ды пайдалану, BILIMLAND.KZ. IMEKTER.KZ. KUNDELİK.KZ білім ресурстарын белсенді қолдану, оқу үрдісінде білім беру бағдарламаларын, гаджеттерді, онлайн бағдарламаларды, робототехника, электронды оқулықтарды пайдалану, «Цифрлы Қазақстан» жобасын оқу үрдісіне енгізу);
- коммуникативтік (үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын) ауызша,жазбаша қарым-қатынас жасау, пәндерді ағылшын тілінде оқыту);
- әлеуметтік (қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті, ата-анамен үнемі байланыс жүргізу);

- тұлғалық (өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдыларды игеру, болашақ өзі таңдаған кәсібін өзі анықтау, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу);

- азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, ділі,тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінуі, оқу үрдісінде «Рухани жаңғыру», «Мәңгілік Ел» ұлттық идеяларын, «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру);

- технологиялық (әр азамат өз мамандығына қарай ақпараттық технологияларды, сандық технологияны, білім беру технологияларын сауатты пайдалануы).

Білім алушы осы аталған негізгі құзыреттіліктермен қатар пәндік құзыреттіліктерді (әр пәннің мазмұны арқылы) меңгеруі тиіс

Жаңартылған білім мазмұнындағы оқу бағдарламаларында оқу мақсаттары оқушылардан шынайы мәселелерді анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі.

Мұғалім оқушыларды ынталандыра алатын ЖАДА (мұғалім – оқушы, оқушы – оқушы), көпіршелерді тұрғызуды дұрыс ұйымдастыра білу маңызды. «Мінсіз оқушы», «Тиімді мұғалім» коллоборативті орта қалыптастыру. Сонда ғана біз дарынды, талантты, сыни ойлай алатын шәкірттерді болашаққа дайындаймыз. Шәкірттеріміздің пәнді терең түсінуіне жағдай жасап, алған білімдерін кез келген жағдайда тиімді қолдана алуына ықпал жасау қажет.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауының «Адами капитал – жаңғыру негізі» жетінші бағыты үлкен басымдыққа ие болып отыр.

Жолдаудың жетінші бағытында жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындау мақсатында білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын арттыру, ел азаматтарының болашағы ретінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеру, латын қарпіне көшу, цифрлы білім беруді дамыту, «Баршаға тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасын жүзеге асыру, орта мектеп, колледж, ЖОО үздік оқытушыларының бейне сабақтарын интернетке орналастыру, педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау, университеттердегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту, жас ғалымдарымызға ғылыми гранттар бойынша квота бөліп, оларды қолдаудың жүйелі саясатын жүргізу, оқытушылардың қайта даярлықтан өтуіне басымдық беру сынды мәселелер заманауи қоғамға қажетті жаңа формациялы мұғалімді қалыптастырудың айқын көрінісі болып отыр. Осы тұрғыда, әлемдік деңгейдегі білім беру мәселелерін қалыптастырмай Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамуды жүзеге асыру да еш мүмкін емес.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Заманауи қоғамдағы жаңа формациядағы мұғалім моделі тынымсыз ізденуді, үздіксіз кәсіби дамуды, бәсекеге қабілетті болуды талап етеді. Қоғамның сұранысына лайықты ақпараттық - коммуникативтік технологияларды меңгерген мұғалім болып, өз бетінше білім алып, шешім қабылдай алатын, болашаққа жан-жақты көзқарасы бар, ой-өрісі

жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты тұлғаны қалыптастыру сіз бен біздің ортақ межеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы // ресми мәтін. – Астана, 2012. – 114 б.

2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.

3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы мектеп және отбасының өзара іс-әрекетінің мазмұны мен түрлері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013.

4. Назарбаев, Н. Ә. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жана мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауы / Н.Ә. Назарбаев // Егемен Қазақстан. – 2018. – 20 қаңтар.

5. «Мұғалімге арналған нұсқаулық» 2012 жыл, баспасы: «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ (үшінші басылым).

МОДЕЛЬ ПОЛИЯЗЫЧНОГО ВОСПИТАНИЯ И ОБУЧЕНИЯ ДОШКОЛЬНИКОВ В УСЛОВИЯХ ДО

Омиртаева Ельназ Шакировна
КГКП «Ясли – сад № 9 «Айгөлек», г. Семей

Аннотация

Мақалада көптілділік оқыту мен тәрбие моделі және осы моделді МДМ жағдайында енгізу жұмысы көрсетілген. «Полиглот» студиясының біріккен педагогтар жұмысы сипатталған.

Аннотация

В статье раскрывается модель полиязычного обучения и воспитания и работа по внедрению данной модели в условиях ДО. Описывается совместная работа педагогов студии «Полиглот».

Abstract

The considers model polylingual teaching and education and work on the introduction of the model in the context of pre – school education. Describes joint work teachers in the studio «Poliglot».

Түйінді сөздер: көптілділік, модель

Ключевые слова: полиязычие, модель

Keywords: polylingual, model

Значимость и актуальность полиязычного образования, является результатом внедрения идеи Президента о триединстве языков. Благодаря инициативе Президента наше государство приступило к реализации концепции полиязычия в образовании, потому что именно полиязычие послужит укреплению конкурентоспособности Казахстана. В своем выступлении «Новый Казахстан в новом мире» Н.А. Назарбаев сказал о том, что «Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна — население которой пользуется тремя языками. Это: казахский язык — государственный язык, русский язык — как язык межнационального общения и английский язык — язык успешной интеграции в глобальную экономику» [1, с.22]. В детском саду ребенок легко включается в языковую деятельность, приобретает речевые навыки, получает первые поликультурные представления их сказок, из ролевых игр. Именно в этот период предоставляется возможность реализации задач и развитие языковой активности детей. В связи с актуальностью проблемы мы обратились к ее решению начиная с 2015 года. Мы создали команду преподавателя